

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік нұсқаулықтар**

Биология

8-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 8 -сынып оқушыларына "Биология" пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) 8-сыныптың "Биология" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған Оқу мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта оқушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныс негізгі мектеп мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет - сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1 ТОҚСАН.....	4
Бөлім: Жасушалық биология. Молекулалық биология.....	4
Бөлім: Тірі ағзалардың көптүрлілігі.....	9
Бөлім: Қоректену.....	13
2- ТОҚСАН.....	18
Бөлім: Заттардың тасымалдануы.....	18
Бөлім: Тыныс алу.....	24
3 ТОҚСАН.....	27
Бөлім: Бөліп шығару.....	27
Бөлім: Қозғалыс (Биофизика).....	31
Бөлім: Координация және реттелу.....	38
4-ТОҚСАН.....	43
Бөлім: Көбею. Өсу және даму.	43
Бөлім: Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік.....	49
Бөлім: Биосфера және экожүйе. Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.....	53

«Жасушалық биология. Молекулалық биология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше Өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу.
Прокариот және эукариот жасушаларын салыстыру.
Полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылық.
Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметі.
Нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі.

Оқыту мақсаттары 8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушалардың құрылысын салыстыру
8.4.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау
8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып, полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау
8.4.1.2 көмірсулар мен липидтің құрылымы мен биологиялық қызметтерін сипаттау
8.4.1.3 нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі

Бағалау критерий *Білім алушы*

- Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстырады
- Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын жіктейді
- Полимерлер мен мономерлердің арасындағы айырмашылықты биологиялық мысалдар арқылы сипаттайды
- Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметін сипаттайды
- Нәруыздардың құрылымы мен қызметін сипаттайды


Ойлау дағдыларының деңгейі Білу, түсіну және қолдану

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырмалар

1. Прокариот жасушасы құрылымында кездеспейтін органоидты көрсетіңіз.
А) жасуша мембранасы
В) рибосома
С) ядро
D) цитоплазма
2. Прокариот және эукариот жасушасы құрылысындағы ортақ құрылымды табыңыз.
А) аппарат Гольджи
В) рибосома
С) лизосома
D) ядро

3. Төмендегі суреттер де қандай ағзаның жасушалары берілген, атаңыз.




A. _____
 B. _____
 C. _____

(ii). А және С суреттердегі жасушалардың құрылымын «-», «+» белгілеңіз.

Жасуша құрылымы	А	С
Жасуша қабырғасы		
Хлоропласт		
Цитоплазма		
Митохондрия		

4. Суретте берілген жасушалар қай ұлпаға жатады және оның қызметін жазыңыз.



(i) Ұлпа түрі: _____
 Қызметі: _____

(ii) Ұлпалардың түрі мен құрылысын және қызметін сәйкестендіріңіз.

Ұлпа түрлері	Құрылысы	Қызметі
Бұлшықет ұлпасы (А)	Жасушалары бір-біріне тығыз жанасады, жасушаралық заттары нашар дамыған (1)	Қоректік, тасымалдау және қорғаныш қызметтерін атқарады (d)
Дәнекер ұлпасы (В)	Ұлпа ұзындығы 1-45 мм, кейбірі 12 сантиметрге жететін көп ядролы ет талшықтарынан тұрады (2)	Зат алмасуды реттеуге қатысады (e)
Эпителий ұлпасы (С)	Жасушааралық заттар қызметіне байланысты әр	Жиырылу және жазылу қызметін атқарады (f)

	түрлі болып келеді (3)	
--	------------------------	--

5. Полимерге жататын қосылысты белгілеңіз.

- A) амин қышқылдары
- B) глюкоза
- C) сутегі
- D) крахмал

(i) Мономер мен полимердің айырмашылықтарын сипаттаңыз. Биологиялық мысалдар келтіріңіз.

<i>Мономер</i>	<i>Полимер</i>
Мысалдар	

6 (i). Кестені толтырыңыз, тұжырымдаманы сәйкестендіріңіз.

<i>Көмірсулар</i>	<i>Майлар</i>	<i>Нәруыздар</i>

Тұжырымдамалар.

- A. Өсімдік жасушаларында қорға жиналатын зат – крахмал.
- B. Энергетикалық қызмет атқарады, себебі оның 1 грамы ыдырағанда 38,9кДж энергия түзіледі.
- C. Мақта талшығында 98 пайыз целлюлоза болады.
- D. Адам және жануарлардың асқорыту жүйесінде ферменттер маңызды рөл атқарады.
- E. Тасымалдау қызметін гемоглобин атқарады.
- F. Тері, шаш және көздің нұрлы қабықшасында меланин түс береді.

(ii) Биологиялық есеп.

1 грамм нәруыз тотыққанда түзілетін энергия 1 грамм көмірсу тотыққандағы энергиямен бірдей. Не себепті ағза нәруыздарды – энергия көзі ретінде тек аса қажет жағдайда ғана пайдаланады? Түсіндіріңіз?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстырады.	1	прокариот жасушасы құрылымында кездеспейтін органоидты көрсетеді;	1
	2	прокариот және эукариот жасушасы құрылысындағы ортақ құрылымды анықтайды;	1
	3 (i)	суреттер арқылы жасуша құрылымына сәйкес ағзаларды анықтайды;	3
	(ii)	A және C суреттер арқылы жасуша құрылымынан жасуша қабырғасының бар жоқтығын анықтайды;	1
		A және C суреттер арқылы жасуша құрылымынан хлоропласты анықтайды;	1
		A және C суреттер арқылы жасуша құрылымынан цитоплазманың бар жоқтығын анықтайды;	1
		A және C суреттер арқылы жасуша құрылымынан митохондрияның кездесетіндігін анықтайды;	1
Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын жіктейді.	4	суретте берілген ұлпаны атап, қызметін жазады;	1
	(ii)	ұлпалардың түрлері: бұлшықет, дәнекер және эпителий ұлпаларының құрылысын және қызметтерін сәйкестендіреді;	1
			1
			1
Полимерлер мен мономерлердің арасындағы айырмашылықты биологиялық мысалдар арқылы сипаттайды.	5	полимер болатын қосылысты анықтайды;	1
	(i)	мономер мен полимерге сипаттама береді және мономер мен полимерге мысал келтіреді;	3
Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметін сипаттайды.	6(i)	берілген тұжырымдамаларға сәйкес көмірсу, май және нәруыздар қасиеттері мен қызметтерін сәйкестендіреді;	3
Нәруыздардың құрылымы мен қызметін сипаттайды.	(ii)	нәруыздың биологиялық маңызын түсіндіреді.	5
Жалпы балл саны			25

**«Жасушалық биология. Молекулалық биология.» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстырады.	Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Прокариот жасушасы құрылымында кездеспейтін органоидты көрсетуде / жасушаларының құрамындағы ортақ құрылымды белгілеуде / суреттердегі ағзаның жасушаларының құрылымын: жасуша қабырғасын / хлоропласт / цитоплазма / митохондрияны қай ағзада болатынын анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын дұрыс салыстырады. <input type="checkbox"/>
Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын жіктейді.	Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын жіктеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Өсімдік ұлпасының түрлерін анықтауда / негізгі / тірек / өткізгіш ұлпалардың қызметін анықтауда / Жануардың ұлпасының түрлерін / қызметін сурет арқылы анықтауда / бұлшықет / дәнекер / эпителий ұлпаларының құрылысын / қызметін сәйкестендіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын жіктейді. <input type="checkbox"/>
Полимерлер мен мономерлердің арасындағы айырмашылықты биологиялық мысалдар арқылы сипаттайды.	Полимерлер мен мономерлердің арасындағы айырмашылықты биологиялық мысалдар арқылы сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Полимер болатын қосылысты анықтауда / мономер мен полимерге сипаттама беруде / мысал келтіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Полимерлер мен мономерлердің арасындағы айырмашылықты биологиялық мысалдар арқылы сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметін сипаттайды.	Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Өсімдік жасушасының қабырғасы қандай көмірсудан тұратынын / буынаяқтылардың қаңқасы неден тұратынын анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Көмірсулар мен липидтердің құрылымы мен қызметін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Нәруыздардың құрылымы мен қызметін сипаттайды.	Нәруыздардың құрылымы мен қызметін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Нәруыздардың қасиеттерін анықтауда / тұжырымдамаларға сәйкес көмірсу / май / нәруыздың қасиеттерін / қызметтерін сәйкестендіруде / нәруыздардың биологиялық маңызын түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Нәруыздардың құрылымы мен қызметін сипаттайды. <input type="checkbox"/>

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылардың ерекшеліктері.
Саңырауқұлақтардың негізгі белгілері.
Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктердің айырмашылығы.
Буынаяқтылар мен хордалылардың ерекше белгілері.

Оқыту мақсаттары 8.1.1.1 балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау
8.1.1.2 саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттау
8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажырату
8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттайды
- Саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттайды
- Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажыратады
- Буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу, түсіну және қолдану

Орындау уақыты 15 минут

Тапсырма

1. Балдырлармен салыстырғанда мүктерде болады:
 - A) споралар
 - B) мүшелер
 - C) хлорофилл
 - D) камбий
2. (i) Өсімдіктер дүниесінің бөлімдеріне сай ерекшеліктерін сәйкестендіре отырып, белгілеңіз.

1	Ашықтұқымдылар	A	Топыраққа ризоидтары арқылы бекінеді
2	Жабықтұқымдылар	B	Спордан жүрекше тәрізді өскін өсіп шығады
3	Мүктәріздестер	C	Тұқымы жабық орналасқан
4	Қырықжапарықтәріздестер	D	Қанатша тәрізді тұқымнан таралады

- A) 1-A, 2-C, 3-D, 4-B
- B) 1-C, 2-B, 3-D, 4-A
- C) 1-A, 2-D, 3-B, 4-C
- D) 1-A, 2-D, 3-C, 4-B

- (ii) Аталған өсімдіктердің тобынындағы ағзаларының құрамына кіретін мүшелерін таңдаңыз
- A) ашықтұқымдылар
 - B) балдырлар
 - C) мүктер
 - D) қырықжапырақ тәріздестер

Мүшелер:

1. Таллом
2. Өркен
3. Ризоид
4. Антеридии
5. Архегонии
6. Қауашақ
7. Өскін
8. Гаметофит
9. Спорофит
10. Тамырсабақ
11. Жапырағы - вайя
12. Аналық бүр

3. Саңырауқұлақтардың жасуша қабықшасының құрамына кіреді:


- A) муреин
- B) крахмал
- C) целлюлоза
- D) хитин

4. Саңырауқұлақтардың сыртқы бөлігі ... тұрады.

- A) қалпақшадан және жіпшумақтан
- B) түбіртектен және жіпшумақтан
- C) жіпшумақтан және қалпақшадан
- D) қалпақшадан және түбіртектен

5. Суретте көрсетілген өсімдіктердің негізгі белгілерін даражарнақты және қосжарнақты кластарға тән белгілермен сәйкестендіріп, кестеге толтырыңыз.

Даражарнақты кластарға тән белгілер:	Қосжарнақты кластарға тән белгілер:



6. Хордалылар мен буынаяқтылар белгілерін белгілеңіз.

<i>Хордалылар</i>	<i>Белгілері</i>	<i>Буынаяқтылар</i>
	1. Желісі бар	
	2. Сыртқы қанқа	
	3. Тұйық қан айналым жүйесі	
	4. Бас сүйегінің жоқтығы	
	5. 2,3,4-х камералы жүрек	
	6. Денесі хитинді затпен қапталған	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттайды	1	балдырлармен мүктердің құрылысын салыстырады;	1
	2(i)	мүк, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін анықтайды;	1
	2(ii)	ашықтұқымдыларға тән ерекшеліктерді анықтайды;	1
		балдырларға тән құрылысындағы ерекшеліктерді анықтайды;	1
		мүктерге тән құрылысындағы ерекшеліктерді анықтайды;	1
қырықжапырақ тәріздестерге тән құрылыстарындағы ерекшеліктерді анықтайды;	1		
Саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттайды	3	саңырауқұлақтардың жасушасындағы ерекшелігін сипаттайды;	1
	4	саңырауқұлақтардың құрылыс ерекшелігін сипаттайды;	1
Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажыратады	5	даражарнақты өсімдіктің тамырындағы ерекшелікті ажыратады;	1
		даражарнақты өсімдіктің жапырақ жүйкелену ерекшелігін ажыратады;	1
		даражарнақты өсімдіктің сабағының құрылысындағы ерекшелікті ажыратады;	1
		қосжарнақты өсімдіктің тамырындағы ерекшелікті ажыратады;	1
		қосжарнақты өсімдіктің жапырақ жүйкеленуінің ерекшеліктерін ажыратады;	1
		қосжарнақты өсімдіктің сабағының құрылысындағы ерекшелікті ажыратады;	1
Буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша сипаттайды	6	буынаяқтылар кластарының ерекше белгілерін анықтайды;	1
		хордалы жануарлар кластарының ерекше белгілерін анықтайды.	1
Жалпы балл саны			16

**«Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттайды	Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Балдырлармен мүктердің құрылысын салыстыруда / мүк / қырықжапырақ тәріздестер / ашықтұқымдылар / жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
	Ашықтұқымдылар, балдырлар, мүктер және қырықжапырақ тәріздестер құрылыстарындағы ерекшеліктерді анықтайды және ажыратуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Ашықтұқымдыларға / балдырларға / мүктерге / қырықжапырақ тәріздестерге тән құрылыстарындағы ерекшеліктерді анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Ашықтұқымдылар, балдырлар, мүктер және қырықжапырақ тәріздестер құрылыстарындағы ерекшеліктерді анықтайды және ажыратады <input type="checkbox"/>
Саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттайды	Саңырауқұлақтардың жасушасындағы ерекшелікті сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Саңырауқұлақтардың жасушасындағы ерекшелікті сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Саңырауқұлақтардың жасушасындағы ерекшелікті толық сипаттайды. <input type="checkbox"/>
	Саңырауқұлақтардың құрылыс ерекшелігін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Саңырауқұлақтардың құрылыс ерекшелігін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Саңырауқұлақтардың құрылыс ерекшелігін толық сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажыратады	Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілерін ажыратуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Даражарнақты / қосжарнақты өсімдіктің тамырындағы / жапырақ жүйкеленуіндегі / сабағының құрылысындағы ерекшеліктерін ажыратуда қателіктер жібереді. <input checked="" type="checkbox"/>	Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілерін ажыратады. <input type="checkbox"/>
Буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша сипаттайды	Буынаяқтылар / хордалы жануарлар кластарының ерекше белгілерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Буынаяқтылар / хордалы жануарлар кластарының ерекше белгілерін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша сипаттайды <input type="checkbox"/>

«Қоректену» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше

Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесін салыстыру.
Тістердің құрылысы мен типтері, тісті күту ережесі.
Адамның асқорыту жүйесінің құрылысы.
Асқорыту жолы ауруларының себептері және астан улану белгілері.
Адам ағзасы үшін дәрумендердің маңызы.

Оқыту мақсаттары

8.1.2.1 омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру
8.1.2.2 тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау
8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтау
8.1.2.4 асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себебін ашу
8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстырады
- Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтайды
- Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін айтады
- Асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себебін анықтайды
- Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі


Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут


Тапсырма

1(i). Сиырдың X әрпімен, жауын құртының 5 санымен белгіленген асқорыту жүйесінің бөлімдерін атаңыз және қызметін сипаттаңыз.



X

(ii) Терминдерді пайдаланып, асқорыту жүйесі құрылысының диаграммасын жазыңыз.



Терминдер:

Бауыр, ауыз қуысы, ұйқы безі, асқазан, ашы ішек, тоқ ішек, сілекей бездері, өт, аппендикс және тік ішек.


(iii) Адамның асқорыту жүйесінде асқазан, тоқ ішек, бауыр және ашы ішек маңызды қызмет атқарады, олардың қызметін сипаттаңыз.

Асқазан _____

Тоқ ішек _____

Ашы ішек _____

2. Адамның тісі бейнеленген суретті пайдалана отырып, кестеге тістің ерекше құрылымдарын жазыңыз.



Тістің типтері	Ауыз қуысындағы тіс типтерінің саны	Тіс қаптамасының пішіні	Тіс түбірінің құрылымы
----------------	-------------------------------------	-------------------------	------------------------

күрек тіс			бір
ит тіс	4		
кіші азу тіс		Тегіс емес\кедір-бұдырлы	
үлкен азу тіс	12		

(ii) Адамдағы күрек тістер мен азу тістердің негізгі қызметтеріне сипаттама беріңіз.
күрек тіс _____
азу тіс _____

(iii) Тісті күту ережелерін түсіндіріңіз.

(b) Асқорыту ауруларының екі немесе үш себептерін келтіріңіз:

3. Дәрумендердің маңызын көрсетіңіз.

- A) зат алмасу бұзылады
- B) ағзаның улануына әкеп соғады
- C) аурулардың пайда болуын күшейтеді
- D) жұқпалы ауруларға қарсы тұруын жоғарлатады

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстырады.	1	сиыр және жауын құртының асқорыту бөлімін атайды, қызметін жазады;	4
Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтайды.	(ii)	асқорыту жүйесінің құрылысының бөлімдерін терминдер пайдаланып анықтайды;	3
	(iii)	адамның асқорыту жүйесі асқазан, тоқ ішек, ашы ішектің қызметін сипаттайды;	4
Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін айтады.	2(a)	тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты ажырата алады және тісті күту ережелерін сипаттап жаза алады;	4
	(ii)		2
	(iii)		3
Асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себебін анықтайды.	b	асқорыту ауруларының екі немесе үш себептерін келтіреді;	3
Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттайды.	3	адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын көрсетеді.	1
Жалпы балл саны			24

«Қоректену» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстырады.	Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сиыр \ жауын құртының асқорыту бөлімін атауда \ қызметін жазуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Омыртқасыз (жауынкұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстырады. <input type="checkbox"/>
Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтайды.	Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Асқорыту жүйесінің құрылысының бөлімдерін терминдер пайдаланып толық анықтауда / асқорыту жүйесі асқазан / тоқ ішек / бауыр / ашы ішектің қызметін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін айтады.	Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты ажырата алмайды және тісті күту ережелерін айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тістердің құрылысын / әртүрлі типтерін / қызметтері арасындағы байланысты ажыратуда / тісті күту ережелерін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	. Тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін айтады <input type="checkbox"/>
Асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себепін анықтайды.	Асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себепін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Асқорыту ауруларының екі /үш себепін келтіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себепін анықтайды. <input type="checkbox"/>
Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттайды.	Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын толық сипаттайды. <input type="checkbox"/>

2 –тоқсан

«Заттардың тасымалдануы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Қан құрамы және қызметі. Лейкоциттердің типтері және қызметі. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шаралары. Жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызы. Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі. Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілері.
Оқыту мақсаттары	8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау 8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру 8.4.3.1 қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау 8.1.3.8 жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттау 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату 8.1.3.12 қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Қан құрамы мен қызметін сипаттайды• Лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттайды• Гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырады• Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттайды• Жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттайды• Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты сипаттайды• Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	25 минут
Тапсырма	

1. Қанның формалы элементтерін белгілеңіз.

- A) су және минералды тұздар
- B) қан плазмасындағы нәруыздар, майлар және көмірсулар
- C) қан жасушалары және қан пластинкалары
- D) сарысу, қан жасушалары


2. Эритроциттердің қызметі:

- A) тромбының түзілуі
- B) бактерияны жояды
- C) қанның ұюы
- D) оттегінің тасымалдануы

(i). Кестені толтырыңыз.

Лейкоциттердің түрлері	Түзілетін орны	Қызметтері
		Ауру тудырғыш бактерияларды сіңіреді.
Эозинофилдер		Аллергиялық реакцияларға қатысу
		Гепарин және гистамин синтездейді
	Сүйектің қызыл кемігінде	Бактерияны фагоцитоздайды
		Антидені синтездейді

(ii) Сызбаға назар аударыңыз.




Әріптер А,В және С әріптері нені білдіреді, атау беріңіз.

- A _____
- B _____
- C _____

(iii) Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар арқылы туындайтын ауруларды амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес сәйкестендіріңіз және сипаттама беріңіз.

Қарапайымдар	Саңырауқұлақтар	Бактериялар	Вирустар

3. Қан тамырлары түрлеріне мұқият қараңыз.



(a)(i) Қан тамырларының түрлерін атаңыз.

A _____
 B _____
 C _____

(a)(ii) Қан тамырларының ортақ құрылымдарын атаңыз.

1. _____
 2. _____

(a)(iii) Қан тамырларының ортақ құрылымдарының қызметін сипаттаңыз.

1. _____

 2. _____

(b) Кестені толтырыңыз.

<i>Салыстыру параметрлері</i>	<i>Буылтық құрттар</i>	<i>Буынаяқтылар</i>	<i>Омыртқалылар</i>
Қан айналым жүйесінің типі			
Қанайналым жүйесінің құрылысы			
Айналыстағы сұйықтық атауы			

(c)(i) Жүрек – қан айналым жүйесіне кері әсер ететін факторларды атаңыз.

(с)(ii) Жүрек – қан айналым жүйесі ауруларына сипаттама беріңіз.

Ишемиялық ауру _____

Атеросклероз _____

Инфаркт _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қан құрамы мен қызметін сипаттайды.	1	қанның формалы элементтерін көрсетеді;	1
	2	эритроциттің қызметін айтады;	1
Лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттайды.	(i)	лейкоциттердің түрлері мен түзілетін орнын және қызметтерін сипаттайды;	2
Гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырады.	(ii)	гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырады, түзілетін орнын жазады;	3
Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттайды.	(iii)	қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар арқылы туындайтын ауруларды амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес сәйкестендіреді және әр ауру түріне сипаттама береді;	4
Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты сипаттайды.	3 (i)	қан тамырлар түрлерін атайды;	3
	(ii)	қан тамырларының ортақ құрылымдарын атайды;	2
	(iii)	қан тамырларының ортақ құрылымдарының қызметін сипаттайды;	2
Жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттайды.	в	буылтық, буынаяқтылар және омыртқалылардың қан айналым жүйесін, типтерін және айналыстағы сұйық атауын салыстырады;	3
Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттайды.	(с) (i)	жүрек – қан айналым жүйесіне кері әсер ететін факторларды анықтайды;	1
	(с)(ii)	жүрек – қан айналым жүйесі аурулары: атеросклероз, ишемиялық ауру және инфарктті сипаттайды.	3
Жалпы балл саны			25

«Заттардың тасымалдануы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Қан құрамы мен қызметін сипаттайды.	Қан құрамы мен қызметін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қанның формалы элементтерін көрсетуде /эритроциттің қызметін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қан құрамы мен қызметін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттайды.	Лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Лейкоциттердің түрлерін / түзілетін орнын сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырады.	Гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Гуморальдық \ жасушалық иммунитетті салыстыруда \ түзілетін орнын жазуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстырады. <input type="checkbox"/>
Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттайды.	Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қарапайымдылар / саңырауқұлақтар / бактериялар / вирустар арқылы туындайтын ауруларды амёбалық қантышқақ / фитофтороз / оба / күл / лейшмания / герпес ауру түрлеріне сәйкестендіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттайды. <input type="checkbox"/>

<p>Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты сипаттайды.</p> <p>Жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттайды.</p>	<p>Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты сипаттауда қиналады.</p> <p>Буылтық, буынаяқтылар және омыртқалылардың қан айналым жүйесін, типтерін және айналыстағы сұйық атауын салыстыруда қиналады. <input type="checkbox"/></p>	<p>Қан тамырлар түрлерін атауда \ ортақ құрылымдарын анықтауда \ қызметін сипаттауда қателіктер жібереді.</p> <p>Буылтық \ буынаяқтылар \ омыртқалылардың қан айналым жүйесін \ типтерін \айналыстағы сұйық атауын салыстыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/></p>	<p>Қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты сипаттайды.</p> <p><input type="checkbox"/></p>
<p>Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттайды.</p>	<p>Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/></p>	<p>Жүрек – қан айналым жүйесіне кері әсер ететін факторларды анықтауда \ жүрек – қан айналым жүйесі аурулары: атеросклероз\ ишемиялық ауру \ инфаркті сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/></p>	<p>Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттайды. <input type="checkbox"/></p>

«Тыныс алу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Өкпе мен ұлпадағы газалмасу. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі Өкпенің тіршілік сыйымдылығы.
Оқыту мақсаттары	8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін түсіндіреді• Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттайды• Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15 минут

Тапсырма

1 (i). Ұлпалық газ алмасу себептерін белгілеңіз.

- A) ұлпа сұйықтығы мен қанның арасындағы оттегі мен көмірқышқыл газының концентрациясының айырмашылығында
- B) ұлпа сұйықтығы мен қанның құрамындағы гемоглобиннің санының айырмашылығында
- C) қылтамырлардағы қан жылдамдығының аздығы
- D) артерия қан тамырларының қан жылдамдығының жоғары болуы

(ii) Тыныс алу және тыныс шығару кезінде жүретін процестердің реттілігін анықтаңыз.

1. Өкпе көлемі ұлғаяды және онда ауаның қысымы азаяды
2. Көкет пен қабырғааралық бұлшықетте жиырылады
3. Сыртқы ауаның өкпеде қозғалуы жүзеге асады
4. Ауаның бөлігі өкпеден шығады
5. Тыныс алу бұлшықеттері босаңсиды
6. Кеуде қуысы көлемі кішірейеді
7. Өкпе сығылады
8. Кеуде қуысы көлемі ұлғаяды

Тыныс алғанда:

Тыныс шығарғанда:

2. Карта тапсырма.

(i) Өкпенің тіршілік сыйымдылығы дегеніміз не, анықтама беріңіз.

(ii) Өкпенің тіршілік сыйымдылығын қалай анықтайды, түсіндіріңіз.

(iii) Адамның салауатты өмір сүру салтын ұстануда өкпенің тіршілік сыйымдылығының байланысы қандай, түсіндіріңіз. Кестені пайдаланыңыз.

<i>Спортшы</i>	<i>ӨТС көрсеткіші, мл</i>
Баскетболшы	4200
Жеңіл атлетик	4300
Жүзгіш	4900
Ескекші	5500

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін түсіндіреді. Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттайды.	1(i)	ұлпалық газ алмасу себептерін түсіндіреді;	1
	(ii)	тыныс алу және тыныс шығару кезінде жүретін процестердің реттілігін анықтайды;	4
Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтайды.	2(i)	өкпенің тіршілік сыйымдылығының анықтамасын жазады;	2
	(ii)	өкпенің тіршілік сыйымдылығын қалай анықтауға болатындығын түсіндіре алады;	2
	(iii)	спортшылардың өкпесінің тіршілік сыйымдылықтарын білу арқылы салауатты өмір салтын ұстану қағидасын түсіндіреді.	6
Жалпы балл саны			15

«Тыныс алу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін түсіндіреді.	Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Ұлпалық газ алмасу себептерін түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттайды.	Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тыныс алу \ тыныс шығару кезінде жүретін процестердің реттілігін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтайды.	Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Өкпенің тіршілік сыйымдылығының анықтамасын жазуда \ тіршілік сыйымдылығын анықтауда \ спортшылардың өкпесінің тіршілік сыйымдылықтарын білу арқылы салауатты өмір салтын ұстану қағидасын түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтайды. <input type="checkbox"/>

3 – тоқсан


«Бөліп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Адамның зәр шығару мүшелері. Бүйректің құрылымдық бірлігі. Терінің құрылысы мен қызметі. Тері ауруларының алдын алу.
Оқыту мақсаттары	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау 8.1.5.4 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды• Бүйректің құрылымдық бөліктерін анықтайды• Терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттайды• Тері ауруларының алдын алу шараларын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут


Тапсырма

1(i) Суретте көрсетілген зәршығару мүшелерінің реттілігін анықтаңыз.

- A) бүйрек, қуық, несеппағар, нефрон
- B) қуық, несеппағар, нефрон, бүйрек
- C) несеппағар, нефрон, бүйрек, қуық
- D) нефрон, бүйрек, несеппағар, қуық



(ii). Бүйрек және нефрон құрылысының құрылымдарын атаңыз.



Бүйрек құрылымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Нефрон құрылымы:

- A. _____
- B. _____
- C. _____

(iii). Суретте берілген №2, 3, 4 және 5 бүйрек құрылымының атқаратын қызметін сипаттаңыз.

- №2 _____
- №3 _____
- №4 _____
- №5 _____

в. Нефрон құрылысына сипаттама беріңіз.

2 (i) Бөліп шығарудың маңызын жазыңыз.

(ii) Кестені толтырыңыз.

<i>Тері аурулары</i>	<i>Қышыма</i>	<i>Безеу</i>
Белгілері		
Алдын алу шаралар		

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды.	1(i)	адамның зәршығару жүйесінің мүшелерінің реттілігін анықтайды;	1
Бүйректің құрылымдық бөліктерін анықтайды.	(ii)	суретте берілген бүйректің және нефронның құрылысын атайды;	8
	(iii)	суреттегі бүйректің №2, 3, 4 және 5 құрылымдарының қызметін сипаттайды;	4
	b	нефронның қызметін сипаттайды;	1
Терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттайды.	2(i)	бөліп шығарудың маңызын сипаттайды;	2
Тері ауруларының алдын алу шараларын сипаттайды.	(ii)	тері аурулары: қышыма, безеудің белгілері мен алдын алу шараларын түсіндіреді.	4
Жалпы балл саны			20


« Бөліп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды.	Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Зәршығару мүшелерінің реттілігін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Бүйректің құрылымдық бөліктерін анықтайды.	Бүйректің құрылымдық бөліктерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Бүйректің \ нефронның құрылысын атауда \ суреттегі бүйректің №2,3,4 және 5 құрылымдарының \ нефронның қызметін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Бүйректің құрылымдық бөліктерін анықтайды. <input type="checkbox"/>
Терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттайды.	Терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Бөліп шығарудың маңызын толық сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Тері ауруларының алдын алу шараларын сипаттайды.	Тері ауруларының алдын алу шараларын сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тері аурулары:қышыма \ безеудің белгілері \ алдын алу шараларын түсіндіруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тері ауруларының алдын алу шараларын сипаттайды. <input type="checkbox"/>

«Қозғалыс. Биофизика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Тірек-қимыл жүйесінің қызметі. Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы, химиялық құрамы. Сүйектің байланыс түрлері. Буынның типтері, олардың құрылысы және қызметі. Бұлшықет ұлпасының түрлері және олардың қызметтері. Гиподинамия салдары, сымбаттың бұзылуы және жалпақтабаңдылықтың пайда болуы. Тік жүрге байланысты адам қозғалысының биомеханикалық ерекшеліктері.
